

Тайсойған ауылының шекарасын белгілеу туралы

Атырау облысы Қызылқоға ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 74 қаулысы және Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2019 жылғы 29 наурыздағы № XXXIII-5 бірлескен шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 2 сәуірде № 4366 болып тіркелді

"Әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 2 тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6, 31 баптарына сәйкес, Қызылқоға ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және VI шақырылған Қызылқоға аудандық мәслихаты кезекті XXXIII сессиясында ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Жалпы аумағы 119,013 гектар және ұзындығы 6327,20 метр болып Қызылқоға ауданы Тайсойған ауылдық округі Тайсойған ауылының шекарасы қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын қадағалау Қызылқоға ауданы әкімінің орынбасары Ж. Тұрдағалиевқа және Қызылқоға аудандық мәслихатының заңдылықты сақтау, депутаттық этика және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы А. Алтыбаевқа жүктелсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
Аудандық мәслихаттың
XXXIII сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы


А. Баженов
А. Баймұратова
Т. Бейсқали

Аудан әкімдігінің 2019 жылғы "29" наурыз № 74 қаулысына және аудандық мәслихаттың 2019 жылғы "29" наурыз № XXXIII-5 шешіміне қосымша

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Тайсойған ауылының әкімшілік шекарасының жоспары


Аймақ балансы

Алаңы бойынша барлығы	119,013
оның ішінде : пайдаланудағы шекарада	61,0
елді мекен шегіне қосымша енетіндер	58,013



ШАРТТЫ ТАҢБАЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

-  - елді мекеннің пайдаланудағы шекарасы
-  - өзендер, каналдар

	- елді мекеннің жобалану шекарасы		- зираттар
	- жер телімі және оның кадастрлық нөмірі		- өндірістік-өнеркәсіптік аумақ
	- тұрғын үй құрылысы		- тыңайған жерлер
	- жолдар		- жайылым

Тайсойған ауылы шекарасының жалпы аумағы- 119,013 гектар

Аудан әкімі

А. Баженов

Аудандық мәслихат хатшысы

Т. Бейсқали

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК